



ALMA
ALMATY MANAGEMENT
UNIVERSITY

СТАРТАП

Тақырып №8

Кәсіпорынды тіркеу: офф-лайн, он-лайн

Автор: Арын Ә.А.
Магистр, аға оқытушы
«Қаржы, есеп және аудит» кафедрасы



Жоспар:

1. Тұтынушылар күтетін тауарлар мен қызметтер
2. Өткізу каналдары
3. Тұтынушылық сегменттер
4. Кіріс көздері
5. Негізгі ресурстар
6. Шығындар құрылымы





1. Дара кәсіпкерлерді мемлекеттік тіркеу



Жеке кәсіпкерлікті заңды тұлға құрмай жүзеге асыратын жеке тұлғаларды мемлекеттік тіркеу дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу кезінде мәлімделген орналасқан жері бойынша **мемлекеттік кіріс органында дара кәсіпкер ретінде есепке қоюды** білдіреді.



Міндетті мемлекеттік тіркеуге мынадай шарттардың біреуіне сай келетін дара кәсіпкерлер жатады.

1) жалдамалы жұмыскерлердің еңбегін тұрақты негізде пайдаланатын;

2) жеке кәсіпкерліктен ҚР заңдарында жеке тұлғалар үшін белгіленген жылдық жиынтық кірістің салық салынбайтын мөлшерінен асатын мөлшерде ҚР салық заңнамасына сәйкес есептелген жылдық жиынтық кірісі бар



Жұмыскерлердің еңбегін тұрақты негізде пайдаланбайтын жеке тұлға ҚР салық заңнамасында белгіленген мынадай кірістер:

1) салық салынатын төлем көзінен;

2) мүліктік кіріс;

3) өзге де кірістер алған кезде дара кәсіпкер ретінде тіркелмеуге құқылы.



ДАРА КӘСІПКЕРЛЕРДІ МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУ ТӘРТІБІ



Дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу үшін жеке тұлға мемлекеттік кірістер органына тікелей немесе «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы арқылы:

- 1) салықтардың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсуін қамтамасыз ету саласындағы басшылықты жүзеге асыратын уәкілеті орган бекіткен нысан бойынша салықтық өтінішті;
- 2) дара кәсіпкердің орналасқан жерін растайтын құжатты ұсынады.



Жеке тұлға жоғарыда көрсетілген құжаттарды ұсынған кезден бастап мемлекеттік кіріс органы бір жұмыс күні ішінде дара кәсіпкерді (бірлескен дара кәсіпкерлікті) мемлекеттік тіркеуді жүргізеді не мұндай тіркеуден бас тартады.

Дара кәсіпкер ретінде тіркеу үшін өтініш беруші салықтық өтінішті мемлекеттік кіріс органына өз бетімен **қағаз жеткізгіште** не «электрондық үкіметтің» веб-порталы арқылы **электрондық нысанда** ұсынуға құқылы.



Дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәлік

Мемлекеттік тіркеу туралы куәлік кәсіпкерлік қызметті заңды тұлға құрмай жүзеге асыратын азаматты дараландыру тәсілі болып табылады.

Бірлескен дара кәсіпкерлікті мемлекеттік тіркеу туралы куәлікке оның мүшелерінің мемлекеттік кіріс органы куәландырған тізімі қоса беріледі.

Дара кәсіпкерді (бірлескен дара кәсіпкерлікті) мемлекеттік тіркеу туралы куәлік мерзімсіз болып табылады және мемлекеттік кіріс органының лауазымды адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат нысанында ұсынылады



ALMA
ALMATY MANAGEMENT
UNIVERSITY

Назарларыңызға рахмет!